*Қосылу шартының талаптары бойынша шағын несие беру шарты*

«Ломбард «Зангар» ЖШС қатысушыларының
жалпы жиналысының шешімімен
Бекітілді
2024 ж. «01» қыркүйек хаттама № ____

# ШАҒЫН НЕСИЕ БЕРУ ТУРАЛЫ ҮЛГІЛІ ШАРТЫ

Осы шағын несие беру туралы үлгілі Шарт (ары қарай – Шарт) (қосылу шартының талаптары бойынша), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389 бабы шеңберінде, «Ломбард «Зангар» ЖШС (ары қарай - Ломбард) «Қырық бес күнтізбелік күннен бір жылға дейінгі мерзімге, айлық есептік көрсеткіштің қырық бес еселенген мөлшерінен асатын, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдармен және басқа да бұйымдар кепілге алынған шағын несие» қызмет бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес жеке тұлғаларға шағын несие беру туралы Интернет желісінде Ломбардтың ресми веб-сайтында www.lombard-zangar.kz анықталған және орналасқан шарт басқа тарап оның шарттарына тұтастай қосылу арқылы ғана қабылдай алудың стандартты талаптарынан тұрады. Шарт талаптары, оларға қосылған барлық Қарыз алушылар үшін міндетті болып табылады.

Қарыз алушының Шарт талаптарын қабылдауы Қарыз алушының шағын несиені тіркеу кезінде Ломбардта қол қойылған, қағаз жүзінде қосылу туралы өтінішке қол қоюымен көрінеді. Қосылу туралы Өтініштің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 232 «Шағын несие беру туралы шартты жасасу тәртібін, оның ішінде шағын несие беру туралы шарттың мазмұнына, ресімделуіне, міндетті шарттарына қойылатын талаптарды, шағын несиені өтеу кестесінің нысанын бекіту туралы» қаулысымен, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020ж.19.10. № 102 және 2021.16.07. №83 қаулысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларнен қоса белгіленеді.

Қарыз алушының Қосылуға Өтінішке қол қоюы Қарыз алушының Шарт талаптарын да, Қосылу туралы Өтініш шарттарын да сөзсіз қабылдай отырып, автоматты түрде Шарттың талаптарына қосылуын, сонымен қатар:

- Қарыз алушы Шартты ешбір ескертусіз және қарсылықсыз оқыды, түсінді және қабылдағанын;
- Шартта қарыз алушы үшін өзінің ақылға қонымды түсінілетін мүдделерін негізге ала отырып, қабылдамайтын қандай да бір ауыртпалық салатын талаптар жоқ;
- Егер Ломбардта Қарыз алушының қолы қойылған Қосылу туралы Өтініш болса, Қарыз алушының Шартта оның оқылмағанын / түсінбегенін / қабылдамағанын дәлелдейтін Шартқа өзінің қолының жоқтығына сілтеме жасауға құқығы жоқтығын;
- Қарыз алушы шағын несие берудің барлық шарттарымен келісkенін;
- Шарттың барлық ережелері Қарыз алушының мүдделері мен еркіне толық сәйкес келгендігіні;
- Шарт жасасу және оның талаптарын орындау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының қандай-да бір ережесінің бұзылуына әкеліп соқтырмайтынын (төменде көрсетілгендей) білдіреді.

Осы Шарт, Қосылу туралы Өтініш, сондай-ақ оларға қосымшалар мен толықтырулар бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады, бірыңғай заңды құжатты құрайды, онымен Ломбард пен Қарыз алушы шарт жасасу сәтінде қабылдаған барлық міндеттемелерін Қосылу туралы Өтінішке қол қойғанда да, болашақта да сөзсіз және

қайтарымсыз келіседі және растайды. Осы Шарттың күні қосылу туралы Өтінішке қол қойылған күн болып табылады.

## 1. ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

1.1. Ломбард Қарыз алушыға Шартта және Қосылу туралы Өтініште белгіленген талаптарымен шағын несие береді, олар бұдан әрі төлем, мерзімділік және қайтарымдылық шарттары туралы шарт болып аталады.

1.2. Шартты жасау күні мен орны, оның нөмірі, Ломбард пен Қарыз алушының деректері қосылуға арналған Өтініште анықталған.

1.3. Шағын несие сомасы (шағын несие мәнін) ломбард кепілге салынған мүлікті бағалау нәтижелері, сондай-ақ басқа көздерден, оның ішінде кредиттік бюроның кредиттік есебінен алынған мәліметтер бойынша дербес айқындайды және қосылу туралы Өтініште шағын несие бойынша артық төленген сомамен қатар, шағын несиені пайдалану мақсаты туралы мәліметтермен (болған кезде), шағын несие толық құны туралы ақпаратпен бірге көрсетіледі.

1.4. Шағын несиені өтеу мерзімі қосылуға арналған Өтініште айқындалған.

1.5. Сыйақының құны, Шарт жасалған күні есептелген жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері (шағын несиенің нақты құны), сондай-ақ шағын несие бойынша артық төлемнің мөлшері қосылу туралы Өтініште айқындалады.

1.6. Шағын несиені қайтару әдісі: біржолғы немесе бөліп-бөліп, қолма-қол және (немесе) қолма-қол емес түрде.

1) Қолма-қол ақшамен – Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 17 мекен-жайы бойынша Ломбардтың кассасы арқылы;
2) қолма-қол емес түрде:
   - Ломбардтың Петропавл қ., АҚ«ForteBank» филиалында, БСК IRTYKZKA, Кбе 15, бірегей код CE462, KZ69650000000375816 есептік шотына ақша аудару жолымен;
   - Қарыз алушының дебеттік немесе несиелік картасындағы қаражатты есептен шығару жолымен.

1.7. Шағын несиені қайтару әдісі Шартқа қосылуға Өтініште белгіленген.

1.8. Негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақыны төлегені үшін өсімпұлды есептеу тәртібі және оның мөлшері:

1.8.1. Осы Шарт бойынша шағын несие сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін өсімпұл мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының тоқсан күн ішінде 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайызынан аспауға тиіс, мерзімі өткен тоқсан күн өткеннен кейін мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,03 (нөл бүтін жүзден үш) пайызынан аспауға тиіс, бірақ шағын несие беру туралы шарт қолданылған әрбір жыл үшін берілген шағын несие сомасының он пайызынан аспайды.

Есептелген сыйақы сомасы келесі рет бойынша бір теңгеге дейін дөңгелектенеді: егер есептелген сыйақының қалдығы 50 тиыннан аз болса, онда нөлге, егер есептелген пайыздың қалдығы 50 тиыннан асса - бір теңгеге дейін.

1.9. Шағын несие бойынша қарызды өтеу кезектілігі:

1.9.1. Егер осы Шарт бойынша Қарыз алушы (жеке тұлға) төлеген төлем мөлшері оның міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болса, онда Қарыз алушының Ломбардқа қарыз сомасын өтеуі келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

1) ломбардтың өнімділікті алуға шығындары;
2) сыйақылардың және (немесе) өсімпұлдардың мөлшері, егер олар болса;
3) шағын несиені пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшері;
4) негізгі қарыздың мөлшері.

1.10. Қарыз алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауы үшін қамтамасыз ету:

1) өсімпұлдар;
2) қосылу туралы Өтініште күні мен нөмірі көрсетілген, ал кепілге салынған мүліктің атауы - Кепіл билетінде заттарды кепілге қою туралы шартқа (қауіпсіздік билеті) сәйкес бағалы металдардан және бағалы тастардан жасалған зергерлік бұйымдар болып табылады.
1.11. Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Ломбард қабылдаған шаралар;
1.11.1. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Ломбард осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық шараларды қолдануға құқылы, оның ішінде:
1.11.2. Осы Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған кезде, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей, Ломбард Қарыз алушыны осы Шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындағаны және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін, шарт бойынша Қарыз алушы - жеке тұлғаның ломбардқа жүгіну құқығын, сондай-ақ қарыз алушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдарларын көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттігі туралы хабардар етуге міндетті.
Хабарлама, егер ол Қарыз алушыға 4.1.2-тармақта көзделген тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілді деп есептеледі.
Ломбард Қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.
1.11.3. Ломбард осы Шарттың 4.1.3-тармақта белгіленген мерзімде осы Шарттың 2.1.5 - тармағында көрсетілген мәліметтерді қамтитын Қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін алғаннан кейін осы Шарттың 4.1.3-тармағында белгіленген тәртіппен шағын несие беру туралы Шарттың талаптарына өзі ұсынған өзгерістерді қарайды, қабылданған шешім туралы Қарыз алушы - жеке тұлғаға хабарлайды;
1.11.4. Осы Шарттың 1.11.2-тармақта көзделген талап қанағаттандырылмаған жағдайларда. сондай - ақ қарыз алушы-жеке тұлғаның шағын несие беру туралы шарт бойынша 2.1.5-тармақта көзделген құқықтарды іске асырмауы туралы хабарлайды, немесе Қарыз алушы - жеке тұлға мен ломбард арасында шағын несие беру туралы шарттың талаптарын өзгерту жөнінде келісім болмаған жағдайда, Ломбард құқылы:

1) Қарыз алушыға қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарауға;

Шараларды қолдану туралы шешім қабылдау шағын несиелер беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;

2) қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген кезде берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және коллекторлық агенттікке реттеуге беруге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген шараларды қолдануға, сонымен қатар шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге, сондай-ақ сот тәртібімен кепілге салынған мүліктен өндіріп алуға;

4) шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен ерте емес мерзімде, ҚР АК-нің 319-бабында белгіленген тәртіппен, жария сауда-саттықта сату арқылы сауда-саттық жүргізбестен кепіл затын өткізуді немесе кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіппен өткізуді жүзеге асыруға;

5) қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізілмеген және қарыз алушы-жеке тұлға берешек бойынша қарсылықтарды ұсынбаған жағдайда қарыз алушы-жеке тұлғаның келісімін алмай, нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде негізгі борышты, сыйақыны және өсімпұлды қоса алғанда, берешекті өндіріп алу. Бұл ретте Қарыз алушы-жеке тұлғаның берешек бойынша өтініш бермеуі оның міндеттемені орындамағаны үшін кінәсін мойындауы болып табылады;

6) ломбардтан кепіл нысанасы болып табылатын мүлікті заң актілерінде белгіленген тәртіппен, осы мүліктің шын мәнінде меншік иесі басқа адам болып табылатындығы негізінде, не ол әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін санкция түрінде алып қойған және осыған байланысты осы мүлікке қатысты кепілді тоқтатқан жағдайларда, негізгі борышты, сыйақыны және өсімпұлды қоса алғанда, нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде соттан тыс тәртіппен не сот тәртібімен, оның ішінде мерзімінен бұрын өндіріп алуға;

7) шағын несиені өтеудің белгіленген мерзімі бұзылған жағдайда қарыз алушыға осы Шарттың 1.8.1-бөлімінде белгіленген тәртіппен өсімпұл есептеуге;

Өсімпұлды төлеу Қарыз алушыны шағын несие пен сыйақыны қайтару жөніндегі міндеттемелерді орындаудан босатпайды;

8) Ломбардта ақпарат беруге шарт жасасқан кредиттік бюроларға шағын несие қайтарылмағаны туралы деректерді беруге.

1.11.3. Егер Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін кешіктірсе, Ломбард осы Шарт бойынша құқықты (талапты) қарыз алушының келісімінсіз коллекторлық агенттікке, екінші деңгейлі банкке, шағын қаржы ұйымына, Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясына, секьюритилендіру мәмілесі, жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қоры - Ломбард несие алған кезде шағын несиелік Шарт бойынша талап ету құқығының кепілгері болып табылатын заңды тұлғаға - ақшаны Ломбардтарға шартты орналастыру арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру жөніндегі мәміле шеңберінде жасалған шағын несиелік Шарт бойынша беруге құқылы.

1.12. Осы Шарт тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Қарыз алушы Ломбард алдындағы Шартта көзделген барлық міндеттемелерді толыққанды орындағаннан кейін күшін жояды.

1.13. Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі;

1.13.1. Қарыз алушы шағын несие бойынша төлемнің кешіктірілуі үшін, Шарт жасасу үшін және шағын несиенің дұрыс құжатталуы үшін қажетті мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығы мен растығы үшін толық жауап береді;

1.13.2. Шартқа қоса берілетін шағын несиеті өтеу кестесінде белгіленген шағын несие бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу туындаған жағдайда Ломбард Қарыз алушыдан осы Шартта және Шартқа қосылу туралы өтiнiште белгіленген тәртіппен және мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы;

1.13.3. Ломбард Қарыз алушыдан шарт бойынша барлық міндеттемелерді мерзімінен бұрын (ломбард көрсеткен мерзімде) орындауды талап етуге құқылы, ал Қарыз алушы шартқа қоса берілетін шағын несиені өтеу кестесіне сәйкес шағын несие қалған өтелмеген сомасын және ол бойынша сыйақыны және төменде санамаланған талаптардың кез келгенін бұзғаны үшін шарт бойынша төленуге жататын өзге де сомаларды бір мезгілде толық көлемде қайтаруға міндеттенеді:

1) қарыз алушы шағын несие кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік қырық күннен астам бұзған кезде;

2) мәліметтерді жасырған және/немесе Қарыз алушы шағын несие беруге әсер ететін анық емес ақпаратты берген кезде;

3) сот актілерінің (сот орындаушылары қаулыларының) негізінде кепіл шартына байланысты қарыз алушының осы Шарт бойынша міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету нысанасы болып табылатын мүлікке тыйым салу/шектеу немесе Құқық қорғау органдарының шын мәнінде оның меншік иесі басқа тұлға болып табылатындығына байланысты не Қарыз алушының немесе мүліктің нақты меншік иесінің әкімшілік немесе

қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін санкция түрінде және осыған байланысты мүлік кепілін тоқтату кезінде осы мүлікті алып қоюы болып табылады;
4) Егер қамтамасыз ету ретінде берілген мүлік бағалы металл/асыл тас болып табылмайтыны анықталса және Қарыз алушы кепілді ауыстырудан / қосымша қамтамасыз етуді ұсынудан қандай да бір түрде жалтарса;
5) заң актілерінде, Шартта көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.
1.13.4. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін Ломбард Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Шартты біржақты бұзуға (Шартты орындаудан бас тартуға), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қолдануға құқылы;
1.13.5. Осы арқылы Ломбардтың құқығы бар және Қарыз алушы келісім бойынша міндеттемелерін орындауды кешіктірсе, Қарыз алушы сотқа дейінгі өндіріп алу және төлеу үшін коллекторлық агенттікке беруге келіседі;
1.13.6. Ломбард Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауап береді.
1.14. Ломбардтың пошталық және электронды мекен-жайы, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсындағы мәліметтер туралы ақпарат (бар болған жағдайда): Пошталық мекен-жайы: T01G9Y0, Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 17; электронды мекен-жай: lombard_zangar@mail.ru, ресми интернет-ресурс: www.lombard-zangar.kz.
1.15. Ломбард Шарт бойынша құқықты (талапты) үшінші тұлғаға берген жағдайда, Қарыз берушінің Шарт бойынша Қарыз алушымен қарым-қатынасына қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап) берілген үшінші жақпен құқықтық қатынастарына қолданылады.

## 2. ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

2.1. Қарыз алушының құқықтары:
2.1.1. Ломбардтың шағын несиелер беру жөніндегі тарифтерімен, шағын несиелер беру қағидаларымен таныстыру;
2.1.2. шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда алынған шағын несиене иелік ету;
2.1.3. негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу одан кейінгі жұмыс күні тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе);
2.1.4. шарт бойынша берілген шағын несие сомасын тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей ломбардқа мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару;
2.1.5. Ломбард шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу басталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қарыз алушы - жеке тұлғаның ломбард шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу және (немесе) жазбаша нысанда не шартта көзделген тәсілмен шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістері және шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішіне, оның ішінде осы Шартқа байланысты мәселелерге байланысты өзге де расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті, сонымен қатар келесілермен байланысты:

сыйақы ставкасын не шарт бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертуге;

негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға;

берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;

шағын несие мерзімін өзгертуге;

шағын несие бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жою арқылы мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру;

ұйымға кепілге салынған мүлікті беру жолымен шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту ұсынумен;

сатып алушыға шарт бойынша міндеттемені бере отырып, кепілге салынған мүлікті өткізуге;

2.1.6. қарыз алушы-жеке тұлға ломбардтың Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде ұйымды бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы;

2.1.7. қарыз алушы - жеке тұлғаның «Микроқаржы қызметі туралы» Заңның 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін ұйым осы Қарыз алушымен жасалған шарт бойынша құқықты (талап етуді) басқаға берген жағдайда банк омбудсманына жүгінуі;

2.1.8. көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде ұйымға жазбаша өтініш;

2.1.9. Ломбардтан Шартта белгіленген міндеттемелерді орындауды талап ету;

2.1.10. шағын несиені қайтару үшін төлемдер жасау кезінде, Ломбардтан тиісті төлем құжаттарын, егер шағын несиені ішінара өтеген жағдайда – шағын несиені ішінара қайтару және кепілге салынған мүлікті қайтару актісі (№ 1 қосымша), қарыз мүлкін қайтармай шағын несиені ішінара өтеу актісі (№2 қосымша), кепілге салынған мүлікті сату / кепілдік мүлікті Ломбардтың меншігіне беру кезінде шағын несиені қайтару және кепілге салынған мүлікті қайтару актісі (№ 3 қосымша) - осы Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемесі бір мезгілде тоқтатылатын заттар кепілі (қауіпсіздік билеті) туралы келісімді тоқтату актісі (№ 4 қосымша);

2.1.11. ломбард қолданған жақсарту шарттарынан шағын несие беру туралы шартта көзделген тәртіппен хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде бас тартуға;

2.1.12. Өз құқықтарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қорғау;

2.1.13. «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заңдарымен және осы Шартпен белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастырады.

## 3. ЛОМБАРДТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1. Ломбардтың құқықтары:

3.1.1. Қарыз алушы үшін оларды жақсарту бағытында Шарт талаптарын біржақты өзгерту. Осы тармақтың мақсаттары үшін қарыз алушы үшін шарт талаптарын жақсарту:

- тұрақсыздық айыбын азайту немесе толық жою бағытының өзгеруі (айыппұл, өсімпұл);
- келісім бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету бағытының өзгеруі.

Ломбард жақсару шарттарын қолданған жағдайда, Қарыз алушыға шарт талаптарының өзгеруі туралы осы Шартта белгіленген тәртіппен хабарлайды;

3.1.2. егер Қарыз алушы шағын несиенің келесі бөлігін қайтару үшін белгіленген мерзімді бұзса және (немесе) күнтізбелік қырық күннен астам уақыт ішінде сыйақы төлесе, шағын несиенің және ондағы сыйақының мөлшерін мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге;

3.1.3. атқарушылық жазба негізінде берешекті өндіріп алу.

3.1.4. Қарыз алушының келісімінсіз Шарт бойынша құқықты (талапты) «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылдың 26 карашадағы Заңының 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғаға беруге;

3.1.5. Қарыз алушыдан (өтініш берушіден) шағын несие беру туралы шарт жасасу және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін шағын несие беру ережелерімен айқындалған құжаттар мен ақпараттарды сұрауға;
3.1.6. Қарыз алушының талабы бойынша екінші деңгейдегі банктер арқылы тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді төлеу үшін шағын несиені үшінші тұлғаға беру;
3.1.7. кепілдендірілген мүлікті соттан тыс мәжбүрлі тәртіпте, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 319-бабында белгіленген тәртіппен, ашық аукционда сату арқылы сату;
3.1.8. кепілге қойылған затты сауда-саттықсыз, бірақ шағын несиені қайтару мерзімі аяқталғаннан кейін бір айдан ерте емес сату;
3.1.9. кепіл ретінде қабылданған мүлікті кепілдік беруші-Қарыз алушының пайдасына оларды бағалаудың толық көлемінде өз есебінен сақтандыру мүмкіндігі;
3.1.10. Қарыз алушыдан Шартта көрсетілген міндеттемелерді орындауды талап етуге;
3.1.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыратын мүмкіндіктерді қарастырады.

## 4. ЛОМБАРДТЫҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Ломбардтың міндеттеріне мыналар кіреді:
4.1.1. шарт бойынша ұйым құқығының (талап ету) үшінші тұлғаға өту талаптары (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты)қамтылған шартты жасасу кезінде қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар ету:

талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты қарыз алушының дербес деректерін шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен өңдеу туралы;

шағын несині өтеу бойынша одан әрі төлемдердің үшінші тұлғаға (шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және орналасқан жері) тағайындалуын, берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтарын және төленуге жататын басқа да сомалардың қалдықтарын көрсете отырып, талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде

4.1.2 қарыз алушыны шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде, бірақ мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей хабардар ету:

Шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттігі туралы;

шарт бойынша қарыз алушы - жеке тұлғаның ломбардқа жүгіну құқығы;

қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары.

Шартта, егер хабарлама борышкерге шартта көзделген келесі тәсілдердің бірімен жіберілсе, ол жеткізілген болып есептеледі деген талап қамтылады:

Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған болса;

жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып, оның ішінде Қарыз алушының ұялы телефонына SMS арқылы автоматты түрде жіберу арқылы.

4.1.3. қарыз алушы - жеке тұлғаның өтініші алынған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарау және қарыз алушы - жеке тұлғаға жазбаша нысанда не шарт бойынша көзделген тәсілмен хабарлау:

шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісуі;
берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары;
бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы дәлелді жауап;
4.1.4. ұйым шартта көзделген тәртіппен жақсарту талаптарын қолданған кезде Шарт талаптарының өзгергені туралы Қарыз алушыны хабардар ету;
4.1.5. шарттың талаптары бойынша шағын несие өтеу шағын несие мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, тараптар қол қойған шағын несие өтеу кестесінің шартына қосымша.
Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын шағын несие талаптары өзгерген кезде ұйым жаңа шарттарды ескере отырып (бастапқыда тараптар қол қойған шағын несиені өтеу кестесі болған кезде), шағын несиені өтеудің жаңа кестесін жасайды және қарыз алушыға береді.
4.1.6. орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда бұл туралы уәкілетті органға, сондай - ақ қарыз алушыларды (өтініш берушілерді) ломбардтың орналасқан жері бойынша, сондай - ақ қарыз алушы (өтініш беруші) - жеке тұлғаның заңды мекен-жайы бойынша және қарыз алушы (өтініш беруші) - заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша екі баспа басылымында қазақ және орыс тілдерінде тиісті ақпарат жариялау арқылы не осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде әрбір қарыз алушыны (өтініш берушіні) хабардар ету;
4.1.7. Шағын несиелер беру ережелерінің көшірмесін Қарыз алушының (Өтініш берушінің) қарауына және танысуына қол жетімді жерде, оның ішінде, егер бар болса, Ломбардтың интернет-ресурсында орналастыру;
4.1.8. Өтініш берушіге шағын несиені алуға, жүргізуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және сенімді ақпарат беру;
4.1.9. өтінім берушіге танысу және шағын несиені өтеу әдісін таңдау үшін шарт жасалғанға дейін әртүрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсыну. Қарыз алушыға міндетті түрде Ломбард Жеке тұлғаларға беретін шағын несиелер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемесіне және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген осындай шағын несиелер бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базаларға сәйкес есептелген шағын несиені өтеу кестелерінің жобалары шағын несие беру туралы шартта белгіленген кезеңділікпен мынадай өтеу әдістерімен ұсынылуға тиіс:
- сараланған төлемдер әдісі, бұл ретте шағын несие бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;
- аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте шағын несие бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын шағын несиенің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан ерекшеленуі мүмкін.
Ломбард шағын несиені беру ережелеріне сәйкес есептелген шағын несиені өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсынуы мүмкін.
4.1.10. Қарыз алушыны (өтініш берушіні) оның шағын несие алуға байланысты құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ шағын несие беру туралы шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда ықтимал салдары туралы хабардар ету;
4.1.11. мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілеріне шағын несие беру туралы шарт бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен шағын несие бойынша сыйақы есептемей, мерзімді әскери қызметті өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейін 60 күнді қамтитын кезеңге негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруды ұсыну;

4.1.12. Шағын несие беру құпиясын сақтау. Шағын несие беру құпиялығына Қарыз алушылар туралы, шағын несиелердің мөлшері туралы, Қарыз алушыға қатысты басқа шарттар туралы және Ломбардтың операциялары туралы ақпарат (шағын несиелер беру ережелерін қоспағанда) кіреді;
4.1.13. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда шағын несие беруден бас тарту;
4.1.14. Қарыз алушы шағын несиені мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, шағын несиені нақты пайдаланған уақытқа сүйене отырып, шағын несиені пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерін қайта есептеу;
4.1.15. Қарыз алушыға төлемді дереу Ломбардтың кассасына қолма-қол ақша салған кезде шағын несиені қайтару үшін қарыз алушыға төлем құжаттарын беру;
4.1.16. Қарыз алушыдан ол туралы ақпаратты кредиттік бюроға беруге және кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге келісім алу, оның ішінде мемлекеттік деректер базасынан алынған ол туралы ақпаратты ішкі істер органдарына кредиттік есепті беруге келісімін алу;
4.1.17. Қарыз алушыға қатысты өзгерістер туралы немесе қандай-да бір деректер алу туралы, «Қазақстан Республикасындағы несие бюролары және несие тарихын қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен несие бюросына ақпарат беру, сондай-ақ несие бюросына соттан тыс сатылатын қамтамасыз ету мен мүлік туралы ақпарат беру. Соттан тыс сатылатын мүлік туралы ақпаратты Ломбард несиелік бюроға аукцион өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей ұсыну;
4.1.18. шағын несие беру құпиясын құрайтын ақпаратқа заңсыз қол жеткізу, оны заңсыз өзгерту, үшінші тұлғалар тарапынан заңсыз әрекеттерді не шағын несие өзге де заңсыз (алаяқтық) әрекеттерді жүзеге асыру анықталған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде мұндай әрекеттердің себептері мен салдарын жою үшін шаралар қабылдау, сондай-ақ бір жұмыс күні ішінде бұл туралы клиентке және уәкілетті органға хабарлау;
4.1.19. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес құқық қорғау органдары енгізген (шығарған) қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы ұсынымның негізінде не Қарыз алушы-жеке тұлғаны жәбірленуші деп тану туралы қаулы күнтізбелік үш күннен кешіктірмей, клиенттің осындай шағын несие бойынша берешекті және талап-арыз жұмысын өндіріп алуды, сыйақы және (немесе) тұрақсыздық айыбын есептеуді тоқтата тұру;
4.1.20. клиенттің шағын несие бойынша берешегін есептен шығару туралы шешім қабылдау, сондай-ақ клиенттің қатысуынсыз алаяқтық тәсілмен шағын несиені ресімдеу фактісі анықталған заңды күшіне енген сот актісін алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осындай шағын несие бойынша бұрын ұсталған (төленген) сомаларды клиентке қайтару жөніндегі шаралар;
4.1.21. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтау.

## 5. ЛОМБАРДҚА ҚОЙЫЛАТЫН ШЕКТЕУЛЕР

**5.1. Ломбардтың шектеулеріне мыналарды қарастырады:**
5.1.1. сыйақы мөлшерлемесінің біржақты өзгерістері (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) шағын несиені өтеу тәсілі мен әдісі;
5.1.2. Қарыз алушыдан шағын несие үшін сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлдар, өсімпұлдар) қоспағанда, кез келген төлемдерді белгілеу және алу;
5.1.3. жеке тұлға болып табылатын, Ломбардқа шағын несие, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) және басқа да төлемдер сомасын толық немесе ішінара өтеуін Қарыз алушыдан талап етуі;
5.1.4. шарт бойынша шағын несие сомасын ұлғайту;

5.1.5. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе және негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілсе, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу;
5.1.6. осы Шарт бойынша кез-келген валюта баламасына сілтеме жасай отырып, теңгемен берілген шағын несие беру бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеу;
5.1.7. Борышкердің Шартта көрсетілген мекенжайына сәйкес нотариус қызметінің аумағы бойынша емес шағын несие беру туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу үшін нотариусқа атқарушылық жазба жасау туралы өтініш беру;
5.1.8. мұндай қызметтерді коллекторлық агенттік және (немесе) сервистік компания ломбардқа көрсететін жағдайларды қоспағанда, берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ берешекке байланысты ақпаратты жинау жөніндегі қызметті үшінші тұлғалардан алу;
5.1.9. берешекті өндіріп алу туралы сотқа талап арызбен жүгіну, берешектің коллекторлық агенттікте жұмыс істеген кезеңі үшін сыйақы төлеуді талап ету, сондай-ақ көрсетілген кезеңде негізгі борыш пен сыйақыны уақтылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) есептеу;
5.1.10. бірнеше тұлғаға бір қарыз алушыға қатысты шағын несие беру туралы шарт бойынша құқықты (талаптарды) беру;
5.1.11. жеке тұлғамен интернет арқылы оны биометриялық сәйкестендіруді жүргізбей шағын несие беру туралы шарт жасасу, оны жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды;
5.1.12. Қарыз алушының - жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырумен байланысты емес шағын несие бойынша негізгі қарыз және (немесе) сыйақы үшін төлемдердің кез-келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындауды кейінге қалдыру күнтізбелік тоқсан күн өткеннен кейін айыппұлды (айыппұлдар, өсімпұлдар) есептеу;
5.1.13. қарыз алушы - жеке тұлғаның шағын несие беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін қарау кезеңінде шағын несиені мерзімінен бұрын өтеу талабы;
5.1.14. кепілге қойылған заттарды пайдалану және оларды билеу;
5.1.15. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес шағын несие беру туралы шарт бойынша қарыз алушыдан борыш сомасын өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттар жасасу, сондай-ақ сәйкес ломбардқа үлестес тұлға болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау шарттары туралы келісім (шарт) жасасу;
5.1.16. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес ломбардқа үлестес тұлға болып табылатын нотариусқа нотариаттық іс-әрекеттер жасау арқылы жүгіну;
5.1.17. жеке тұлғамен жасалған шағын несие беру туралы шарттың қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және шағын несие беру туралы шарттың талаптарын сақтауды не жақсартуды қамтамасыз етпейтін шарттарда ұлғайту.
5.2. Жеке тұлғамен жасалған кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес шағын несие беру немесе жаңа шағын несие беру туралы шартты орындау талаптары өзгерген кезде жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес шағын несие өтеу мақсатында мерзімі өткен сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) негізгі борыш сомасына капиталдандырылған (жиынтық) сыйақы есептеуге жол берілмейді.

## 6. ШАРТ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

6.1. Шағын несие беру туралы осы Шартқа өзгерістер мен / немесе толықтырулар енгізуді Ломбард жүзеге асырады және Ломбардтың интернет-сайтында: www.lombard-zangar.kz орналастырылған осы Шартқа Қарыз алушы ешқандай өзгертулер және / немесе толықтырулар енгізе алмайды.
6.2. Қосылу туралы Өтінішке қол қойылғаннан кейін Ломбард енгізген өзгертулер және / немесе толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, қосылу туралы Өтінішке тиісті қосымша Шартқа қол қоймай тараптардың осы өзгерістер және / немесе толықтырулар енгізілгенге дейін туындаған құқықтық қатынастарына қолданылмайды.
6.3. Шартқа қосылу туралы Өтініштің талаптарын тараптар Ломбард біржақты тәртіппен өзгерту мен толықтырулар енгізу құқығына ие болған кезде, Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағдайларын қоспағанда, оған қосымша Шарт жасасу арқылы өзгерте алады және толықтыра алады.

## 7. ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

**7.1. Қарыз алушы міндетті:**
7.1.1. осы Шартта белгіленген мерзімде және тәртіппен алынған шағын несиені қайтаруға және ол үшін сыйақы төлеуге;
7.1.2. Ломбард сұраған «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылдың 26 қарашадағы Заңына сәйкес және осы Шартқа және оның шарттарының орындалуына байланысты құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
7.1.3. Ломбардтың өзі туралы және жасалған Шарт туралы, сондай-ақ тараптардың несиелік тарих деректқоры алдындағы міндеттемелерін орындауына байланысты ақпараттармен қамтамасыз етуге жазбаша келісім беру;
7.1.4. Ломбардқа осы Шартта көрсетілген аты-жөнінің, паспорттық мәліметтерінің өзгеруі, оның пошталық және электронды мекен-жайларының өзгеруі, тұрғылықты жері бойынша тіркелуі, кірісі, жұмыс орны, байланыс телефондары, Қарыз алушының қаржылық жағдайын қиындататын жағдайлар мен жәйттар, жұмысты тоқтату туралы жазбаша хабарлау, үшінші тұлғалармен қатынастар, сот ісі және басқа даулар, құқық қорғау органдарының қылмыстық немесе әкімшілік істерді қозғауы және осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық және уақытылы орындау үшін маңызды басқа жағдайлар. Хабарламаны, сондай-ақ өзгертулерді растайтын құжаттарды Ломбард осындай өзгерістер болған күннен бастап 7 (жеті) күннен кешіктірмей қабылдауы керек;
7.1.5. Заңда, Қазақстан Республикасының басқа заңнамасында және Ломбардпен жасалған Шарттарда белгіленген өзге де талаптарды орындау.

## 8. ШАҒЫН НЕСИЕ БЕРУ ЖӘНЕ ҚАЙТАРУ ТӘРТІБІ

8.1. Сыйақы шағын несиені пайдаланған нақты күндер саны үшін есептеледі. Бұл ретте, шағын несиені пайдалану күндерінің саны сәйкесінше бір айдағы және бір жылдағы күнтізбелік күндер негізінде алынады.
8.2. Шағын несие үшін сыйақы шағын несие бойынша негізгі қарыздың балансынан алынады.
8.3. Шағын несие Қарыз алушының несиелік деректері қалыптасқаннан, Ломбардқа шағын несиені беру туралы шешім қабылданғаннан кейін және тараптар Шартқа қол қойғаннан кейін Қарыз алушыға қолма-қол беріледі.
8.4. Шағын несие беру күні - бұл қосылу туралы Өтініште көрсетілген шағын несиені беру күні. Шағын несиені қайтару және шағын несиені пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуді Қарыз алушы осы Шартттың 1.6-тармағында көрсетілген тәртіппен жүзеге асырады.
8.5. Осы Шартта белгіленген пайыздық мөлшерлемемен есептелген шағын несиені пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуді Қарыз алушы шағын несиені пайдаланудың барлық кезеңінде жүзеге асырады.

8.6. Егер шағын несиені төлеудің аяқталу күні жұмыс емес күнмен (демалыс немесе мереке / күндер) сәйкес келсе, онда төлем келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады. Әйтпесе, Қарыз алушыдан шағын несиені уақытылы төлемегені үшін тұрақсыздық айыбы алынады.
8.7. Шағын несиені қайтару және шағын несиені пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу осы Шарттың 1.6-тармағында көрсетілген тәсілмен шағын несиені өтеу кестесі бойынша жүргізіледі.

Осы шағын несиені беру туралы шарттың екі тарапы қол қойған, өтеу күні мен шағын несиені өтеу сомасы мен сыйақыны қамтитын кезекті төлемдердің мөлшері, келесі өтеу күнгі шағын несие сомасының қалдықтары көрсетілген, сондай-ақ шағын несие беру туралы шартқа қол қойылған күнгі шағын несиенің және сыйақының жалпы сомасы көрсетілген шағын несиені өтеу кестесі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады (Шартқа және Шартқа қосылу туралы өтінішке 1-қосымша).

## 9. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1. Қарыз алушы осылайша мобилді (ұялы) телефондарға қоңырау шалуға, ұялы байланыс операторлары және / немесе басқа телекоммуникация қызметтерін жеткізушілер арқылы өзінің мекен-жайына SMS хабарламалар жіберуге, Ломбардта өздеріне берілген электрондық пошта / пошта мекен-жайларына Қарыз алушыға хаттар (хабарламалар) жіберуге келіседі және осыған байланысты талаптар мен даулар жасамауға келісім береді. ҚР-ның 2013 жылдың 21 мамырдағы «Жеке мәліметтер және оларды қорғау туралы» заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес, Шартқа қол қою арқылы Қарыз алушы өзінің жеке деректерін жинауға және өңдеуге келіседі.
9.2. Қоғамдық, жалпы сипаттағы хабарламалар Қарыз алушының Ломбардта қаралуы және танысуы үшін қол жетімді жерге немесе Интернеттегі ломбардтың веб-сайтына www.lombard-zangar.kz орналастыру арқылы жүзеге асырылады.
9.3. Мобилді (ұялы) телефондарға, сондай-ақ Қарыз алушы Шартта көрсеткен электрондық поштаға және / немесе / пошталық мекен-жайға жіберілген барлық хабарламалар тиісті мекен-жайға жіберілген болып саналады. Хабарлама Қарыз алушыға Шартта көзделген келесі тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілген болып саналады: Шартта көрсетілген электрондық пошта мекен-жайына; Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша, оның жеткізілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс пошта арқылы, оның ішінде ересек отбасы мүшелерінің бірі, көрсетілген мекен-жайда тұратын басқа адам алғанда, жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін басқа байланыс құралдарын пайдаланғанда.
Егер хабарлама оны адресатқа, алушыға беру мүмкін емес немесе оны қабылдаудан бас тартуға байланысты, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген басқа байланыс құралын пайдаланған кезде оның қабылданғанын растамайтындығы туралы ескертумен қайтарылса, хабарлама дұрыс жолданды деп саналады.
9.4. Қарыз алушы Шартқа қол қоя отырып, Ломбардқа шағын несие беру, қызмет көрсету және қайтару мақсатында басқа адамдарға шағын несие беру құпиясын ашуға немесе негізгі қарыз және (немесе) есептелген пайыздар бойынша мерзімі өткен берешектің пайда болуы туралы Қарыз алушыға хабарлау үшін Қарыз алушыға мерзімі өткен қарызды өтеу туралы өтініш беру үшін, шағын несие бойынша қарыздар / шағын несиені мерзімінен бұрын өтеу, сондай-ақ қарызды сотта өндіріп алу мақсатында жазбаша келісім береді.
9.5. Қарыз алушы Ломбардтың шағын несиелерін беру ережелерімен таныс екенін, шағын несие алғанға дейін оның шығындары туралы, шағын несие алуға және қызмет көрсетуге байланысты басқа жағдайлар туралы, сондай-ақ өзінің шағын несие алуға байланысты құқықтары мен міндеттері туралы хабардар болғанын растайды.
9.6. Ломбард пен Қарыз алушы Шартта Ломбард пен Қарыз алушының өз мүдделеріне байланысты өзгерткісі немесе жойғысы келетін қандай да бір талаптардың жоқ екендігін

растайды, сондай-ақ Шарт жасасу кезінде олардың әрқайсысы өз қалауы бойынша және өз мүдделері үшін әрекет ететіндігін растайды.
9.7. Кез келген Шарттар мен Шартқа қосымшалар олардың ажырамас бөлігі болып табылады.
9.8. Шартты орындау кезінде тараптар өз талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.
9.9. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған, заңды күші бірдей, тараптардың әрқайсысына бір данадан жасалған. Мемлекеттік және орыс тілдерінде берілген Шарт мәтінінің мағыналық мазмұнында оқылымы әр түрлі немесе сәйкессіздіктер болған жағдайда, орыс тілінде жасалған Шарт мәтінін басшылыққа алу қажет.
9.10. Тараптардың қатынастары осы Шартпен, ал реттелмеген бөлігінде - Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
9.11. Ломбард таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттер оның мұрагеріне толық ауысады.
9.12. Тараптар Қарыз алушының осы Шарт бойынша міндеттемелері оның үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелеріне қатысты бірінші кезектегі болып табылатындығын және оны ерекше тәртіппен орындайтынын анықтады.
9.13. Қарыз алушының осы Шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін тағайындауы Ломбардтың жазбаша келісімінсіз жүзеге асырыла алмайды.
9.14. Тараптар Шартты жасасуға, тиісті түрде орындамауға немесе оның жарамсыздығына байланысты / туындаған кез келген дауды, талапты немесе кінәрат-талапты Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотта шешеді.
9.15. Ломбардтың Қарыз алушыдан осы Шартты дұрыс орындамағаны үшін өтініші бойынша талап ету мерзімі бес жылды құрайды.
9.16. Осы Шарттың орындалу орны Ломбардтың орналасқан жері болып табылады.
9.17. Ломбард жасасқан осы Шарт бойынша ақпарат несиелік бюроға мемлекеттің қатысуымен несиелік бюро және несиелік тарихты қалыптастыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шарттарда міндетті түрде ұсынылуға жатады.

## 10. ТАРАПТАРДЫҢ МӘЛІМЕТТЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

Тараптардың мәліметтері мен қолдары Шағын несие беру Шартына қосылу туралы Өтініште көрсетілген.

202__ ж. «___» ______ №____
Шағын несие беру туралы Шартқа және
қосылу туралы Өтінішке №1 Қосымша

202__ ж. «___» ______ №____
шағын несие беру туралы Шартқа (шағын несие беру шартына қосымша келісім),
Шартқа қосылу туралы Өтініш

202__ ж. «___» ______
**Шағын несиені өтеу кестесі**

теңге

<table>
<tr><td>Төлем күні</td><td colspan="3">Кезең үшін төлемдер</td><td rowspan="3">Негізгі қарыздың (берешектің) қалдығы</td></tr>
<tr><td rowspan="2"></td><td rowspan="2">Төлем сомасы</td><td colspan="2">Оның ішінде</td></tr>
<tr><td>Сыйақы</td><td>Негізгі қарыз</td></tr>
<tr><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Барлығы:</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="4">Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі:</td><td>_______ (сөзбен) %</td></tr>
<tr><td colspan="4">Қарыз алушының шағын несиені өтеудің таңдаған әдісі</td><td>________ (ломбардтың ішкі ережелеріне сәйкес аннуитеттік, сараланған немесе басқа әдіс)</td></tr>
</table>

Қарыз алушы шағын несиені өтеудің ұсынылған әдістерімен (аннуитеттік, сараланған) танысқанын растайды: _________________________

| Ломбардтың деректемелері | Қарыз алушының деректемелері |
|---|---|
| Ломбард өкілінің қолы | Қарыз алушының/ қарыз алушының өкілінің қолы |

Утвержден
решением общего собрания участников
ТОО «Ломбард «Зангар»
протокол №___от «01» сентября 2024г.

# ТИПОВОЙ ДОГОВОР О ПРЕДОСТАВЛЕНИИ МИКРОКРЕДИТА

Настоящий Типовой Договор о предоставлении микрокредита (на условиях договора присоединения), (далее – Договор) содержит стандартные условия предоставления микрокредитов физическим лицам, не связанным с осуществлением предпринимательской деятельности по услуге: «Микрокредит на срок до сорока пяти календарных дней, в размере, не превышающем сорокапятикратного размера месячного расчетного показателя, под залог ювелирного и другого изделия из драгоценных металлов и драгоценных камней» в ТОО «Ломбард «Зангар» (далее – Ломбард), определенные и опубликованные на официальном веб-сайте Ломбарда в сети Интернет: www.lombard-zangar.kz, которые в рамках статьи 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан могут быть приняты другой стороной (Заемщик) не иначе как путем присоединения к его условиям в целом.Условия Договора являются общеобязательными для всех Заемщиков, присоединившихся к ним.

Принятие Заемщиком условий Договора выражается подписанием Заемщиком Заявления о присоединении на бумажном носителе, которое подписывается в Ломбарде в момент оформления микрокредита. Требования к форме и содержанию Заявления о присоединении установлены Постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 29 ноября 2019 года № 232 «Об утверждении Порядка заключения договора о предоставлении микрокредита, в том числе требований к содержанию, оформлению, обязательным условиям договора о предоставлении микрокредита, формы графика погашения микрокредита» с изменениями и дополнениями, внесенными Постановлениями Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка № 102 от 19.10.2020г. и № 83 от 16.07.2021г.

Подписание Заемщиком Заявления о присоединении означает, что Заемщик автоматически присоединяется к условиям Договора в полном объеме, безусловно принимая как условия Договора, так и условия Заявления о присоединении, а также что:

- Заемщик прочитал, понял и принял Договор в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений;
- Договор не содержит каких-либо обременительных для Заемщика условий, которые он, исходя из своих разумно понимаемых интересов, не принял бы;
- Заемщик не вправе ссылаться на отсутствие его подписи на Договоре, как доказательство того, что Договор не был им прочитан/понят/принят, если у Ломбарда имеется Заявление о присоединении, подписанное Заемщиком;
- Заемщик соглашается со всеми условиями по предоставлению микрокредита;
